

"Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 42-10 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 14-9 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 сәуірде № 3381 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 20 желтоқсандағы № 25-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 20 желтоқсандағы № 25-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занының 6 бабының 2-3 тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Сарысу ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Сарысу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 42-10 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2608 болып тіркелген, 2015 жылы 18 сәуірдегі аудандық "Сарысу" газетінің № 40-41 санында жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларындағы:

7 тармақта:

- қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны " белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) 30 000 (отыз мың) теңге көлемінде" деген сан мен сөз "15 000 (он бес мың)" деген сан мен сөзге ауыстырылсын;

- "1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге 30 000 (отыз мың) теңге көлемінде көрсетіледі" деген сан мен сөз "15 000 (он бес мың)" деген сан мен сөзге ауыстырылсын;

- "1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электростанциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға 30 000 (отыз мың) теңге көлемінде көрсетіледі" деген сан мен сөз "15 000 (он бес мың)" деген сан мен сөзге ауыстырылсын.

7 тармақтың 6 абзацы алынып тасталсын.

8 тармағы:

- ең төмен күнкөріс деңгейінің жеті еселік көлемінен аспайтын орташа табысы бар, әлеуметтік мәні бар туберкулез ауруымен ауырып, амбулаториялық жағдайда ем жалғастырушы тұлғаларға ай сайын 21871 (жиырма бір мың сегіз жүз жетпіс бір) теңге әлеуметтік көмек көрсетіледі." сөздермен толықтырылсын.

9 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика, қаржы, бюджет, агроөнеркәсіп кешені, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Ф. Несіпбай*

*Аудандық мәслихат
хатшысы
С. Бегеев*